

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРЕТІН ЗИЯНЫ ҮШІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Елеубекова Б.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультетінің
1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - Мукашева А.А., з.ғ.д., профессор

Экологиялық құқық бұзушылық құрамына қарай әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын қылмыс жасағаны үшін әкімшілік немесе тіртіптік теріс қылық, не қылмыс болуы мүмкін. Құқық бұзушы тұлға басқа жауапкершіліктің түрлеріне қарамастан, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке ұшырайды [1, 171].

ҚР Экологиялық кодексінің 319-бабына сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлдітік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады (ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабы) [2].

Еркінбаева Л.К. мен Бекішева С.Д пікірлері бойынша, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікке байланысты сұрақтар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде аз түсініктеме берілген.

Біріншіден, жауапкершілікке тартудың барлық негіздері көрсетілмеген.

Екіншіден, жауапкершіліктің барлық түрі қарастырылмаған. Тәртіптік жауапкершілік нұсқауларының жоқтығы.

Үшіншіден, адамдардың денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы сұрақтар толығымен шешілмеген [1, 171].

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өздерінің еңбек міндеттемелері мен қызметтерінен туындайтын табиғат қорғау заңын бұзуға, қызмет жағдайын, қоршаған табиғат ортасын және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі жоспарлар мен шараларды орындамауда кінәлі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары, еңбек, өндірістік және технологиялық тәртіпті реттейтін ҚР 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Еңбек кодексіне, ережелеріне, жарғыларға, ішкі еңбек реті ережелеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес тәртіпті жауапты болады. Тәртіптік жазаны кәсіпорынның немесе мекеменің әкімшілігі қолданады және бұйрықпен рәсімделеді [3, 188].

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 72-бабына сәйкес қызметкер тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші тәртіптік жазалардың мынадай түрлерін қолдануға:

- 1) ескерту жасауға;
- 2) сөгіс беруге;
- 3) қатаң сөгіс беруге;
- 4) жұмыс берушінің бастамашылығы бойынша жеке еңбек шартын бұзуға құқылы [4].

Егер қылмыскердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде кәсіпорынға материалдық нұқсан келтірілген болса, онда қызметке тәртіптік жауапкершіліктен басқа тағы да материалдық жауапкершілік жүктеледі. Материалдық жауапкершіліктің мәні қызметкердің міндетіне оның кінәсінен кәсіпорынға келтірілген зиянды өтеуде болып табылады. Қызметкердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде аса кеңінен таралған қосымша жағдайлармен қоршаған ортаға өндіріс пен тұтыну қалдықтарының шығарындысын тастауы болады. Кәсіпорын табиғатқа келтірілген нұқсанды өтегеннен кейін қызметкер өзінің жалақысынан кәсіпорынға келтірілген нұқсанды төлейді. Заңнамада қызметкердің толық материалдық жауапты болуы кезіндегі негіздер көзделген [3, 188-189].

Сондай-ақ, қоршаған орта туралы заңнама міндетті экологиялық сақтандыруға жататын объектілердің жалпы шеңберін анықтап, экологиялық сақтандырудың міндетті және ерікті нысандарын белгілейді.

Экологиялық сақтандыру сақтандырудың ерекше түрі болып саналатынын ескерсек, ҚР Азаматтық Кодексіндегі сақтандыру туралы жалпы ережелер экологиялық сақтандыруға да қолданылады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 25 наурыздағы (2011.22.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) № 421-IV Азаматтық Кодексінің (ерекше бөлім) 805-бабында сақтандырудың негізгі түрлері: жеке және мүліктік сақтандыру белгіленген [5].

Азаматтардың өмірі мен денсаулығы еркін сақтандырылған кезде сақтандырушы сақтандыру оқиғасы әсер еткен жағдайда (экологиялық апат аумағында болу және т.б.) оған сақтандыру өтімін толық не оның бөлігін төлеуге міндеттенеді. Денсаулыққа келтірілген экологиялық зиянды өз еркімен жеке сақтандыру азаматтардың өз бастамасымен және өздерінің есебінен жүзеге асырылатын болғандықтан, сақтандырудың осы түрінің экологиялық бағыты не заңда, не іс жүзінде жеке алынбайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық нұқсан өтелген жағдайда қолданылады. Бұл жағдайда табиғатқа келтірілген нұқсанның материалдық сыйақысы болуға тиіс, мұның өзі табиғаттың, ауаның, судың, орманның және тағы да басқа ластануымен келтірілген нұқсанды есептеген кезде барлық ретте мүмкін бола бермейді. Осымен байланысты заңнамамен азамат немесе заңды тұлға келтірген нұқсанды есептеудің екі ұдай тетігі қолданылады. Бірінші жағдайда, экологиялық заңды бұзғаны үшін мүліктік жауапкершілік тіркелген ақша төлемдері, арнаулы нақты түр немесе табиғат кешенінің объектісі үшін арнаулы келісімді баға нысанында белгіленеді. Бұл келісімді бағалар Қазақстан Республикасында жер бетіндегі жануарларға, ормандарға, балықтарға қатысты белгіленген. Екінші жағдайда, келтірілген зиянды өтеу ерікті түрде не соттың шешімі бойынша белгіленген тәртіппен нұқсанды есептеудің бекітілген келісімді бағасы мен әдістемесіне сәйкес, ал олар болмаған жағдайда, келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша жүргізіледі [3, 189].

ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 25-бабы бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті, не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті, не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Сонымен қатар, осы Кодекстің 344-бабына сәйкес өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеуге, сондай-ақ сарқынды суды ағызуға қойылатын талаптарды бұзу – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [6].

Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік табиғатты қорғау саласындағы аса кең таралған түрлері болып табылады. Әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіз әкімшілік теріс қылық жасау болып табылады [3, 187]. Қолданыстағы заңнама бойынша ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 41-бабына сәйкес мынадай әкімшілік жазалар көзделген: 1) ескерту жасау; 2) әкімшілік айыппұл; 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысаны болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу; 4) арнайы құқықтан айыру; 5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау; 6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу; 7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу; 8) әкімшілік қамауға алу; 9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу [6].

Сондай-ақ, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін келесідей құқық бұзушылықтың түрлері кездеседі [1, 179-180]. Олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: жарылғыш материалдармен, радиоактивті және өзге де экологиялық қауіпті заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу (297-бап), ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтардың орналастырылуы туралы хабарламау (327-бап), өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау (336-бап), өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеуге, сарқынды суды ағызуға қойылатын талаптарды бұзу (344-бап), кен орындарын игеру кезінде сыртқа шығарылатын және жер қойнауында айналыстан шыққан негізгі және онымен бірге жерде жатқан пайдалы қазбалар және қосалқы компоненттерді, оның ішінде минералдық шикізатты өңдеу өнімдері мен өндіріс қалдықтарын анық есепке алуды қамтамасыз етпеу (350-бап), өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, кәдеге жарату және залалсыздандыру қағидаларын бұзу (351-бап), орман фаунасын жою немесе бүлдіру, сондай-ақ орманды қалдықтармен, химиялық заттармен бүлдіру, ластау және орман қорының жерлеріне өзге де залал келтіру (372-бап), балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың талаптарын бұзу (384-бап), Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қалдықтар мен басқа да материалдарды көму қағидаларын, сондай-ақ консервациялау және бөлшектеу қағидаларын бұзу (394-бап) [6].

Қылмыстық жауапкершілікке қоғамға қауіпті белгісі бар, табиғат пен қоршаған ортаға, адамның денсаулығына елеулі зиян келтірген тұлғалар жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын экологиялық қылмыстардың 18 түрін ажыратады [1, 175]. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қылмыстардың ішінде тақырыпқа байланысты келесідей экологиялық қылмыстардың түрін бөліп көрсетеді: шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы (ҚР ҚК 277-бабы); ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы (ҚР ҚК 278-бабы); микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы (ҚР ҚК 279-бабы); суларды ластау, бітеу және сарқу (ҚР ҚК 281-бабы); атмосфераны ластау (ҚР ҚК 282-бабы); теңіз аясын ластау (ҚР ҚК 283-бабы); жерді бүлдіру (ҚР ҚК 285-бабы); экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау (ҚР ҚК 294-бабы) [7].

Ресей Федерациясындағы өндіріс және тұтыну қалдықтарына байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік мұқият талқылауды қажет етеді.

Қалдықтардың айналым ережесін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік Ресей Федерациясының 1996 жылғы 13 маусымдағы (2015 жылғы 16 шілдедегі өзгертулер мен толықтырулармен) Қылмыстық кодексінің «экологиялық қылмыстар» деп аталатын 26-тарауында қарастырылады. РФ ҚК 247-бабы («Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың айналым ережесін бұзу») қалдықтардың айналым ережесіне байланысты арнайы қылмыс түрлерін ажыратып көрсетеді. РФ ҚК 247-бабының 1-тармағы бойынша қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына елеулі түрде зиян келтіретін қауіп болса, тыйым салынған қауіпті қалдық түрлерін өндіргені үшін, оларды тасымалдағаны, көмгені, сақтағаны үшін, сондай-ақ радиоактивті, бактериологиялық, химиялық заттар мен қалдықтарды пайдалануда олардың белгіленген айналым ережесін бұзғаны үшін жауапкершілік көзделеді. 2-тармағы - қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге, не адамдардың жаппай сырқаттануына, не жануарлардың өліміне әкеп соққан, сол сияқты төтенше экологиялық ахуал аумағында жасалған дәл сол іс-әрекеттер, ал 3-тармағы – 1 және 2 тармақтарында көрсетілген іс-әрекеттер абайсызда адам өліміне немесе адамдардың жаппай ауруына әкеп соғатын болса қылмыстық жауапкершілік тағайындалады [8].

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің «Жарылғыш материалдармен, радиоактивті және өзге де экологиялық қауіпті заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу» деп аталатын 297-бабы мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің «Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы» атты 278-бабына салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша жарылғыш материалдарды, пиротехникалық заттарды, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық және өзге де экологиялық қауіпті заттар мен өнеркәсіп салаларындағы және қадағалау органдарының бақылауындағы объектілердегі қалдықтарды өндіру, сақтау, көму, жою, пайдалану, кәдеге жарату, тасымалдау немесе өзге де жұмыстар істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу, егер осы әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [6]. Ал, ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша, ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы, егер бұл әрекеттер адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қаупін төндірсе - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [7].

Жұмыс өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға келтіретін зияны үшін экологиялық жауапкершіліктің түрлері деген тақырыпта жазылған. Бұл мәселенің мәнін ашуда көптеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды.

Қазақстан аумағы жағынан да, тұрғындардың жанбасына шаққанда да әлемдегі экологиялық қалдықтармен ең көп ластанған аумақ болып табылады. Дәл бүгінгі өзінде анықталған деректердің өзі адамзаттың өмір сүруін тоқтауға таяған ахуалды көрсетеді. Қазақстан аумағының экологиялық ахуалы әлі толық анықталған жоқ. Қалыптасқан жағдайдың өзін алдын-алу, сауықтыру шаралары жүргізілуде.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінде ҚР «Экологиялық кодекске» өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасы қаралуда. Ол елдің «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі мәселелерін шешуге бағытталған. Сондай-ақ, қалдықтарды сату бойынша ұлттық жүйені қалыптастыру мәселесі де заң жобасында көрініс тапты [9].

Қоршаған ортаны экологиялық сауықтыру және қорғау әлемдегі әрбір мемлекеттің және әлемдік қауымдастықтың күрделі мәселесі. Сондықтан өндіріс және тұтыну орындарының сапасын басқарудың жүйесін оңтайландыру үшін мыналарды қарастыру қажет деп ойлаймыз:

- халықтың денсаулығына әсер ететін медициналық қалдықтарды көму;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу, қайта өңдеу;
- өндіріс және тұтыну орындарында мониторинг жүйесін дамыту;
- өндіріс және тұтыну орындарының қызметкерлеріне экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру.

Астанада қалдықтарды басқарудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. 2015 жылы Астана қаласында жиналған қалдық көлемі 516 мың тоннадан асты, соның ішінде 356 632 тоннасы - қатты тұрмыстық қалдық. 2014 жылы жалпы қалдық көлемі 570 мың тоннадан артық болса, 2013 жылы 462,7 мың тоннаны құрады.

Қазіргі кезде Астанада қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару жұмыстарымен "Астана Тазарту" ЖШС және "Таза Әлем-Астана" ЖШС айналысады. Күн сайын қала аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығаруға 85 бірліктен астам мамандандырылған техника жұмылдырылады, 800-900 тонна қатты тұрмыстық қалдықтары шығарылады.

2012 жылдың желтоқсан айынан бастап қала аумағынан жиналған қоқыс көлемі "Алтын-ТЕТ" ЖШС қалдық өңдеу кешеніне жеткізіледі. Бұл жерде қалдықтарды сұрыптау және екінші шикізатқа өңдеу қарастырылған. Зауыт жұмыс істеп тұрған кезден бері қалдық өңдеу кешеніне 296 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды, оның ішінде 115 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық азайтылды, қайта өңдеуге 30,7 мың тонна шығарылды [10].

Айта кетейік, Астана қаласында қалдықтарды қайта өңдеуді тереңдетуді арттыру бойынша Мемлекет басшысының 2014 жылғы 25 сәуірдегі тапсырмасын орындау мақсатында, сондай-ақ, елордада қалдық өңдеу саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін Астана қаласының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қалдықтарды басқару жөніндегі өңірлік бағдарламаны әзірлеп жатыр. Осылайша, Астана қаласында қалдық өңдеу зауытын салу бағдарламасын әзірлеу 2016 жылдың екінші тоқсанында инвесторды анықтау жөніндегі халықаралық конкурс өткеннен кейін аяқтау жоспарланған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мукашева А.А. Проблемы правового обеспечения экологической безопасности при обращении с отходами производства и потребления в РК.
2. 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі.
3. Байділдинов Д.Л., Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Оқу құралы – Алматы: Қазақстандағы СҚЗҚК «Интерлигал» баспа орталығы, 2005. – 396 бет.
4. 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.
5. 2011 жылғы 25 наурыздағы (2011.22.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) ҚР № 421-IV ҚР Азаматтық Кодексі.
6. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі.
7. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.
8. Уголовный кодекс Российской Федерации" от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 13.07.2015, с изм. от 16.07.2015)(с изм. и доп., вступ. в силу с 25.07.2015)
9. <http://kz.energo.gov.kz/index.php?id=3499>
10. https://www.kt.kz/kaz/a18/2016_zhili_astanada_katti_turmistik_kaldiktar_poligoni_kenejtiledi_1153613395.html

УДК 341.3

ВОПРОСЫ ЗАКЛЮЧЕНИЯ И РАСТОРЖЕНИЯ БРАКА В МУСУЛЬМАНСКОМ ПРАВЕ

Елубаев Сырым Серикович

syr-man_96@mail.ru

Студент 2 курса Юридического факультета
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Куликпаева М.Ж.

Понятие «брак» (акд) шариатом определяется следующим образом: брак – это заключение договора, по которому женщина перестает быть посторонней, «запретной» для мужчины, с которым она вступила в брачный союз[1, 15].

В мусульманских странах государственная регистрация брака хоть и существует формально, но не является обязательной. Наличие же зарегистрированного в установленном порядке брака, не является препятствием для бракосочетания в мечети.